



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Момбек
ӘБДӘКІМҰЛЫ

1931-33

ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Кеңестер одағы тұсында, нақтылап айтқанда, 1931-33 жылдар арасында қазақ даласында өткен ашаршылық нәубеті кезінде опат болған адамдардың саны жөнінде әр түрлі мағлұмат бар. Белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімов сол жылдары 2 миллионнан аса қазақ қырылып, 600 мыңнан аса қазақ басқа республикаларға жер ауып кетті десе, айтулы ғалым Манаш Қозыбаев 1.750 мың адам шейіт кетіп, 400 мыңдай жан өзге жерлерге көшіп кеткен дейді. Білгір тарихшы Талас Омарбеков ашаршылықта қырылған қазақтардың жалпы саны 2 млн. 700 мыңнан кем емес деген пікірді алға тартады. Бұлардан өзге зерттеушілердің тұжырымдауларына да сол кезде орын алған адам шығыны 2 миллионнан кем түспейді. Иә, қалай десек те, бір жарым жылдың ішінде қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының санына парапар халықты (қазақты) жоқ қылған сол ашаршылықтың нәубеті мен зұлматы сұмдық болғаны анық. Бір әттең-айы, ашаршылық кезеңін зерттеушілердің барлығы сол зұлматтың неліктен Қазақстанның барлық өңірінде бірдей белең алып кеткендігіне нақты жауап бере алмайды. Бергеннің өзінде ашаршылық алдындағы өткен байларды тәркілеу мен колхоздастыру кезеңіндегі асыра сілтеуге байланысты деректерді тізбектеп, аталмыш зұлмат сондағы солақай саясаттың әсерінен туындап кеткен деген пікірді бірінен соң бірі қайталайды. Расында, ашаршылықтың негізгі факторы ұжымдасу кезіндегі солақай саясаттың кесірінен туындағаны шындық. Дегенмен бұл фактор ашаршылықтың туындауына әсер еткен көптеген себеп-салдардың бір жағы ғана. Колхоздасу тарихын тереңнен тартсақ, Қазақстанда «бай қожалықтары» мен әртел-серіктестіктерді жойып, олардың орнына әр ауылдағы еңбекші тап бірлесіп еңбек ететін колхоздарды (ұжымдық шаруашылықтарды) ұйымдастыру 1828 жылдан бастап шындап қолға алына бастаған. Негізінде Қазақстанда колхоздасу

дәуірі 1922 жылдан басталған. Бірақ бұл процесс 1926 жылға дейін өте баяу жүрген. 1924 жылы Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістан республикасы құрамынан КазАКСР-ына берілген кезде Сырдария губерниясында Мақтарал совхозы (советтік шаруашылық) ашылған. 1925 жылы бұл губернияда жеті колхоз ұйымдастырылған.

Содан бастап колхоздар құру жүйесі өте баяу қарқынмен жүрсе де, бәрібір, 1927 жылы бүкіл республика көлемінде колхоздар саны 1072-ге жеткен. 1928 жылы оның саны – 2354-ті құраса, 1929 жылы 4876-ға дейін өскен. 1930 жылдың көктеміне қарай Қазақстандағы барлық шаруашылықтардың 65 пайызы коллективтендірілді. Алайда бұл қозғалыс сол кездегі КазАКСР партия ұйымының бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге өте бәсең көріндік. 1925 жылы Қазақ еліне басшы болып келген түннің ертеңіне-ақ «Қазақстанда қазан төңкерісі болмапты. Мұнда кеңестік жүйенің шынайы көрінісі жоқ. Сондықтан да бұл елде «Кіші қазан» төңкерісін іске асыруымыз керек» деген сөзін бірнеше жыл бойы қайталап, оны 1928 жылы байларды тәркілеу науқанымен алғаш бастаса, 1930 жылдың аяғында «Елдегі коллективтендіруді алғашқы бесжылдықтың, яғни 1932 жылдың аяғына дейін аяқтауға тиіспіз» деген сөзімен, бастапқы ойын шындап іске асыруға кірісті. 1930-31 жылдардағы колхоздастыру кезеңінде әміршілдік-әкімшілік бұйрықшыл жүйе кеңінен етек алып, жергілікті белсенділер мен ОГПУ, НКВД қызметкерлері барлық жерлерде жұртты жаппай ұжымдасуға күштеп көндіруге кірісті. Бір-бірінен бірнеше жүз шақырым шалғайда жатқан ауылдар 1929-30 жылдарғы қыс мезгілінде көшіріліп, бір орталыққа топтастырылды. Мал атаулының 70-80 пайызы колхоз меншігіне өткізілді. Егіс алқаптарынан орылған егін ұжымшарлардың қоймаларына жиналып, әр еңбекшіге еңбегіне қарай үлес беріле бастады. 1930 жылдың жазына қарай әр еңбекші төрт

қой мен бір сиырдан артық мал ұстауға құқылы болмады. Жоғарғы жақтың бұйрығын тезірек орындауға кіріскен аупартком, ауатком хатшылары мен төрағалары, түрлі деңгейдегі кеңестік ұйымдардың басшылары халықпен санаспай, төрт қой, бір сиыры барларды да бай санап, малдарын колхоз меншігіне өткізуді талап етті. Талаптары орындалмаған жағдайда малын бермеген адамдарды жау санап, соттауға, жер айдауға дейін барды. Әділеттікке жүгінбек болғандарға: «Шын социализмге көшу жолында сотталмаған ешкім болмайды» деген жауап берілді.

1929 жылы Оңтүстік Қазақстанның аудандарында колхоздасу науқаны шапшаң жүргізілді. Тап осы кезде КазАКСР өлкелік комитетінің хатшысы Голюдовтың «колхоздасуды жылдамдату үшін теріс пиғыл таратушы 15-20 адамды атып тастауға болады» деген әпербақан сөзі газетке жарияланып, оны қағып әкеткен жергілікті белсенділер өздеріне сәл қарсы сөйлегендерді таяқтау тұрмақ, атуға дейін барды. Бір ортаға жиналған малдар мал жайын білмейтін қолдарға өтіп, төрт түлік әр түрлі себептермен қырыла бастады. Бірігіп еңбек етудің мәнісін ұқпаған, әрі колхоз қоймаларында жер жыртатын, шөп оратын, бидай егетін құрал-саймандардың тапшы болғандығынан еңбекшілер дер кезінде маусымдық жұмыстарды атқара алмады. Содан егіс көлемі де азайып, жұрт тығырыққа тірелді. 1929 жылы Бостандықта Ыбақұл мен Қараман бастаған, 1930 жылы Созақта Аллақұл бас болған көтерілістер қазақтың қаймана тірлігін бұзған Голощекиндік солақай саясатқа қарсы көтерілген соғыстар еді. Дегенмен ол көтерілістер мұздай қаруланған әскердің күшімен басып-жаншылды.

1928-31 жылдар аралығында өткен колхоздасу науқанының өзі бірнеше томдық еңбекке арқау болатын кезең. Сондықтан да, оған көп тоқтала бермей, 1931 жылдың аяғына қарай басталып кеткен ашаршылықтың шығу тегінің басты-басты себептерін талдайық.

1931 жылдың жазына таман жұртты колхоздасуға ұйымдастыру науқаны ерекше өріс алды. Өлкелік партия ұйымы аудан-аудандарда ұжымдасу процесі өте нашар жүргізіп жатқандығына дабыл көтеріп, жергілікті басшыларды қатаң жазалауға дейін барды. Бұдан үріккен аудан, кеңес және колхоз басшылары қалайда бұл науқанды шапшаң жүргізуге тырысты. Нәтижесінде бір колхоз бір колхоздан мал, астық, сондай-ақ әр түрлі шаруашылық заттарын артық еншілеудің жолында бәсекеге түсті. Колхоз қорасындағы малдың саны, қамбадағы бидайдың көлемі өзгеден артық болуы үшін жеке шаруалардың еншісіндегі мал мен астықты

артып алып, бір ортаға жинау үрдісі осындай әрекеттерден туған. Белсенділер мен басшыларға олардың санын арттыруға басқадай жол да жоқ-ты. ҚазАКСР хаткомкеңесінің төрағасы Исаев қазақ өлкелік комитетінің V пленумында тұрғылықты халықты колхоздасуға ұйымдастыруда Торғай төрелерінің «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген әсіреқызыл, зорлыққа негізделген ұранын алға тартуы мұң екен, жалған белсенділер оны қағып әкетіп, саяси ұранға айналдырып жіберді. Ауыл-ауылдарда жұрттың қолындағы барлық мал мен астықты, құрал-саймандарды колхоз меншігіне өткізуді ғана ойлаған, ал оның арғы жағында өзін де, жұртты да қандай тұрмыс пен тіршілік күтіп тұрғанына ой саналары жетпеген сауатсыз, санасыз, бұрынғы байлар мен отаршыл патша шенеуніктерінен қалған бюрократиялық мінезге еліктеп, оны бойына сіңірген шолақ белсенділер «шаш ал десе бас алған» өктемдіктеріне басып, бүкіл елді қан жылатты. Әр белсендінің жанында белінде бесатары, арқасында мылтығы бар милиционерлер еріп жүреді. Қару көрсе жандары қалмайтын жазған қазақ соңғы лағына, қабының түбіндегі бір уыс астығына дейін колхозға өткізіп, екі қолдарын мұрындарына тығып қала берді.

Әлбетте, ел болғасын, көпшілік арасынан жүректілер де табылып, белсенділерге айбат шеккендер де болды. Ондайлар қатаң жазаланды. Қалғандарын шолақ белсенділер: «Колхоз меншігіне өткізілген малдарыңнан сендерге ай сайын үлес беріледі. Астық үлесі де ай сайын таратылады. Тек сендер колхоздың егінін егіп, шөбін орып, жерін жыртсаңдар болды. Күнкөріс мәселелеріңді өкіметтің өзі шешеді» деп алдады.

Шынтуайтына келгенде жоғарыдағы басшылар белсенділерге колхоздасудың мәнісін осылай түсіндірген болатын. Өздеріне дем беріп, айтақтаған өкіметке құлай сенген сол белсенділер, расында да, келешекте бір ортақ қазаннан, яғни колхоз қазынасынан үлес алып күн көреміз дегенге қатты иланған. Сөйтіп 1931 жылдың жазында бүкіл Қазақстандағы малы бар тұрғындардың төрт түлігі колхоз меншігіне өткізілген. Мұндай бастаманың неге апсып бара жатқанын ұққан, оған қарсы тұрған кейбір колхоз бастықтары мен ойлы белсенділер де болған. Алайда шын мәнінде халықшыл ондай азаматтарды бір түнде тұтқындап, алыс абақтыларға айдап әкетіліп отырған.

Сол жылы барлық қазақстандықтардан жиналған мал колхоз қораларына қамалып, оларға қарулы күзет қойылған. Жайылымға шыққан кезде де оларды қарулы адамдар күзеткен.

1931 жылдың күзіне таман Голощекин әр аудан, әр колхозға бұрын-соңды болмаған мөлшерде мемлекетке ет салығын өткізуді бұйырған. Бұған оның айналасындағылардың ешқайсысы қарсы болмай (қарсы болғандар заматта жазаланған), колхоз қораларындағы төрт түлік есепсіз сойыла бастаған. Еттер пойыз тоқтайтын стансаларға жеткізіліп, вагон-вагондарға артылып, Ресейдің орталық қалалары мен Сібірге, Қиыр Шығысқа жөнелтілген.

Осы жерде жергілікті басшыларға бір қиындық кездескен. Колхоздасу ұранына еріп, жоғары жаққа өз ауылдары мен колхоздарындағы малдарды өтірік ақпармен еселеп көбейте көрсетіп, рапорт бергендер ет салығын орындаймыз деп, қораларында бір де бір малдың қалмағанын кейін білген. Өйткені ет салығы әр аудан, әр колхоздың меншігіндегі мал басына есептеліп салынған болатын. Қағаздағы тізімі бойынша малдардың 50 проценті етке өткізілсе, қалған 50 проценті колхоз қораларында қалуы тиіс-тін. Көптеген аудандар мен колхоздардың орталық комитетке өтірік есеп бергені соншалық, кейбіреулері ет салығын түгел орындауға да шамалары келмей қалған. Голощекин бастаған партия комитетінің қаһарынан ыққан төменгі дәрежедегі басшылар мұндайда не істесін. Тағы да халықты сора түсуге кіріседі де. Сөйтіп жеке адамдардан мал жинаудың кезекті науқаны басталған. Бұл кезеңде шолақ белсенділердің өктемдігі алдыңғыларынан да асып түскен.

Хош, сонымен, ауылдардағы тұрғындарда тігерге тұяқ қалмай, барлық мал, колхоз қораларына жиналады. Олардың етке өткізілетіндері қисапсыз сойылып, қалғандары (өте аз мөлшерде) колхоз меншігінде қала берген. 1931 жылдың 1-ші желтоқсанында барша қазақтың үлкен бақытсыздығына орай қалың қар түсіп, күн бірден суытқан. Жылы болады деген Оңтүстіктің өзінде күннің суықтығы 10-15 градусқа төмендеген. Ала жаздай жұрттың бар малы мен астығын алашапқын болып бір ортаға жинаған өкіметтің жауапты адамдары сол кезде қыста қолда ұсталынатын төрт түліктің жемшөп базасын жасауды еске де алмаған ғой. Қалың қар жауып, күн бірден суытқанда малға беретін азық таппай қатты қысылған аудан басшылары мен кеңес белсенділері күнде жиын жасап, тығырықтан шығудың жолын іздей бастайды. Республикалық ауыл шаруашылығы комиссариатының комиссары Н.Сегізбаев барлық аупартком хатшыларына: «Қар бересіңдер ме, жоқ, топырақ бересіңдер ме, қалайда қоғам малын қырып алмаудың жолын қарастырыңдар!» деп қатаң талап қояды.

«Коммунистік партия кез-келген қиындықтан шығудың жолын табатын даналыққа ие» деп өзеуреген аупартком хатшылары қолда бар малды аман алып қалудың адам күлерлік амалдарын қарастырады. Өйтпеске шаралары да жоқ-ты. Сегізбаевтың сөзі – Голощекиннің пиғылы екені оларға белгілі-тін. Алайда Қазақстандағы аудандарды басқарып отырған хатшылардың басым бөлігі мал жайын білмейтін бөтен ұлттардың өкілдері еді. Алайда осындай қысылтаяң шақта жергілікті ұлттан шыққан колхоз бастықтары мен белсенділер оларға малды уақытша болса да аман ұстап тұруда жақсы кеңес айтты. Кеңесті құлақтарына ілген хатшылар жер-жердегі шаруаларға тал-теректердің майда бұтақтарын қырқып, қамыс оруды әмір етті. Мысалы, Леңгір аупарткомның хатшысы Лев Севиридович Своик осы мәселеге қатысты Ақсуда (ол кезде Леңгір, Ақсу-Сайрам аудандарының орталығы Ақсуда болған). «Жолдастар, қар жауып, аяз ұрғалы бері азықсыз қалған малдарды аштан қырып алмаудың жолын қарастыруда едік. Біз бүгін оның көзін таптық. Иә, партия қандай да бір болмасын қиындықтың түйінін шеше алады. Осыған байланысты ертеңнен бастап өз колхоздарыңыздағы шаруа-жұмысшыларды өзен жағасындағы, тау етегіндегі ағаштардың майда бұтақтарын кестіруге, сай-сайдағы қалың қамыстарды орғызуға жұмылдырыңыздар. Біз қыстай малдарға ағаштардың бұтақтары мен қамыс беріп асырап шығамыз», – деп бұйрық береді.

Бірақ малдың сырын білетін қазақ төрт түліктің қай түрін болмасын, ылғи ағаштардың шыбықтарымен, қамыспен ұзақ сақтап қала алмасын жақсы білген. Шыбық пен жұмсақ бұтақтарды үнемі жей берген мал, әсіресе қой-ешкі іш тастап, тышқақ кеселіне ұшырайды да, түбі опат болады. Ал қой-ешкі жей алатын майда бұтақтарды қара мал, яғни сиыр жей алмайды. Ал қамысты жылқы ғана жей алады. Бірақ оған да ұзақ уақыт қамыс беруге болмайды. Ал сиыр мен қой-ешкі қамысты жесе, іштері тілініп өледі.

Жиналыста әлгіндей ұсыныс көтерген Л.С.Своикке біраз белсенділер осындай себепсалдарларды көлденең тартып, бұндай тәсілмен малдарды уақытша ғана аман сақтауға болатынын, ал қысқы буыны қатқан қамысты ешқандай малға беруге болмайтынын, тек жаздың басында көк құрақ күйінде орылған қамыс қана төрт түліктің азығына жарайтынын айтып, қарсы шығады. Өзіне қарсы сөз айтқандарға Своик ілешала: «Біз қандай тығырықтан болса да, жол тауып шыға алатын большевиктер емеспіз бе? Жолдас Сталин, жолдас Голощекин, одан қалса, басқа

да партия көсемдері бізді қай кезде де тосын тапқырлыққа тәрбиелеп, баулып отырған жоқ па? Ендеше, табайық малды аман алып қалудың амалын. Жаңа біраз жолдастар «Қырлардың етектері мен жазық далаларды қардан тазартып, жер бетіндегі боз шөптерді ашып, малдарды бір мезгіл жайып алу керек» деді. Керек болса, ондай әрекеттерге де барамыз. Ал әзірше тал бұтақтары мен қамысты пайдалана тұрайық. Бір жолдастар «қамысты бүтіндей малға беруге болмайды» дейді. Егер оны ұнға ұқсатып, әбден майдалап берсе, оны жеген мал өлмей ме?» – дейді. «Онда өлмейді, – дейді бір топ қазақтар. – Бірақ қамысты ұнға ұқсатып майдалайтын құрал жоқ». «Жолдастар, жаңа айттым ғой, біз болмайтынды болдыратын коммунистерміз деп. Ауыл, колхоздардағы әр қазақтың үйінде бидайды ұн қылып тартатын қолдиірмен бар-ә? Әр шаруа он-жиырма бау қамыс орып келсін де, оны үйіндегі қол диірменмен ұнға ұқсатып, майдалап берсін. Ұнға ұқсап ұнтақталған қамысты сендер малдарға беріңдер» деген...

Бұл тәрізді көрсоқырлық тұжырым бір Ленгір ауданында емес, төңірегінде қамыс өсетін күллі Қазақстандағы ауылдарда айтылғаны кәміл. Бірақ қамысты ешкім қолдиірменге салмағаны ақиқат. Қамыс бидай емес, қолдиірменге жүрмейді. Соған қарамай Своик сияқтылар «осындай шаруаны атқарып жатырмыз» деп жоғарыға мағлұмат бергені анық.

Көптеген колхоздарда етке өткізілуден аман қалған малдарды жем-шөптің жоқтығынан қолдан әдейі қыру уақиғалары да орын алған. Атап айтар болсақ, Қаратас ауданында 112 сиырды, Мерке ауданында 107 сиырды, Жуалы ауданында 29 сиырды қарасан дерті жұқты деген сылтаумен улап өлтірген. Ленгір ауданында 300 жылқыны маңқа ауруына шалдықты деп, атып тастаған. Қолдан өлтірілген малдарды көздері қарауытып жүрген аштар жеп қоймасын деген ниетпен жерге көмген немесе жағармай шашып өртеген.

Жарты жылдың ішінде Қазақстандағы барлық малдың 70-80 процентіне дейін сойғызып, етке өткіздірген Голощекин сұмырай қыс қаһарына мінген желтоқсанның басында, нақтылап айтқанда, 9-ы күні аупартком хатшылары мен шаруашылық басшыларына «Елімізге жүн керек. Тез әрі қысқа мерзімде Отанға 100 мың тонна жүн өткізіңдер!» деп нұсқау берген. 1931 жылдың желтоқсан айында қазақ еліндегі шаруашылықтарда қалған қойлардан мұнша мөлшердегі жүнді қырқып, өткізу мүмкін емес еді. Өйткені сонша тонна жүн беретін қой да жоқ тұғын. Соған қарамай әрі қыста қазақ ешқашан да қой қырықпайтынын біле тұра, жоғарыдағыдай

нұсқау берген. Онсыз да тал-дарақтың бұтағы мен қабығын кеміріп аштан қырылуға шақ тұрған қойларды қырқу туралы хабарды естігенде малға жаны ашығандар бас көтеріп, бір дүрліккен. Дүрлігу ауыл арасынан аспай, өкімет шешіміне қарсы сөз айтқандар оңбай жазаланған. «Голощекин мен өкіметтің бір білетіні бар» деп нұсқауға мойынсұнған белсенділер ауыл тұрғындарын колхоз қораларындағы қойларды қырқуға үгіттеген. Үгіттегеннен бұрын, солай етуге мәжбүрлеген. Күніне төрт қой қырыққанға болмаса қырқымшыға жәрдемші болып, жүн тасып, қой жығып бергенге «бір бөлке нан тұтас күйінде беріледі» деп, аш қазақтарды дәмелендіріп те қойған. Үйіндегі аштан қатайын деп отырған бала-шағасының, өзінің қарын шұрылын ойлаған шарасыз жазған қазақ, қойға қанша жаны ашыса да, қолына қырықтық алып, қораға беттеген. Содан өзі аш, әрі жүні қырқылып жалаңаш қалған қойлар, аязды күнде оңсын ба, суық қораларда теңкиіп-теңкиіп арам қатқан. Осындай арам қатқан қойлардың да өліктері жұртқа берілмей, жерге көмілген, өртке оранған. Со жылдары малсыз, астықсыз қалған қазақтың аузына әйтеуір ешнәрсе тигізбеу саясаты жүрген.

Міне, осылайша ғасырлар бойы күнкөрістің негізгі талшығы – мал деп біліп, соның арқасында халық боп құралып, ел боп түзелген қазақты Голощекин айналасы бір жылдың ішінде төрт түліксіз қалдырып, ашаршылыққа ұшыратты. Бұл ашаршылықтың зұлматын сөзбен айтып жеткізу қиын. Бір зерттеушілер «аталмыш ашаршылық туралы Сталин бейхабар болған. Ол тек кейін білген. Керек болса, Голощекин де елді ашаршылық жайлап кетеді деп ойламаған» деп көп-көрнеу негізсіз сөздерді айтады. Бұл – дұрыс тұжырым да, орынды пікір де емес. Голощекин осы ашаршылықтың болатынын алдын-ала білген. Тіпті оған алдын-ала дайындық жүргізген. Бұған оның Қазақстанда қол жеткізген шексіз билігі көмектескен. Өйткені оған ешкім қарсы келмеген. Келгендерге дер кезінде шара қолданған. Соның нәтижесінде ол ойына келгенін істеп баққан. «Қазақстанда қалайда «кіші октябрді» ұйымдастыру керек» деген жоспарының астында қазақ халқының біразын қырып тастау ойы жатқан. Ойын бірте-бірте, жоспарлы түрде іске асырған. Алдымен «бай қожалықтарын» тәркілеуді қолға алды. Бір қарағанда кеңестік қоғамның тәртібі бойынша оларды жою орынды да еді. Алайда қазақ тұрмысына зорлықпен өзгеріс енгізуді осы кезден бастады. Одан соң колхоздасу кезеңінде қазақтың ұлттық болмысы мен тіршілігіне балта шапты. Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктерін жойып, басқа қоғамдық

арнаға түсіруде асығыстық танытып, әміршілдік жүйемен жұмыс жасады.

1929-30 жылдары қара халыққа есепсіз салық салды. Бұл да қазақты рухани және моральді, материалды түрде әлсіретудің бір жолы-тұғын. Салықтың көп болғаны соншалық, жұрт олардың есебінен жаңылысты. Шүберек салық, мүйіз салық дегендер шықты. Шүберек салыққа – ескі киімдерден бастап, алаша, сырмақ, киіз, қыл-арқанға дейін өткізу жатты. Мүйіз салыққа – ешкінің, қошқардың, сиырдың мүйіздері жатты. Бірақ жазған қазақ осынша салықтың неге керек екенінде, олардың өкметтің қай кәдесіне жарап жатқанында шаруасы болмады. Шындығына келгенде, шүберек салық та, мүйіз салық та еш кәдеге жарамай, жиналып алынған соң өртелініп отырылды.

1931 жылғы колхоздасуды, яғни ұжымдасуды ертерек аяқтаймыз деген желеумен жаздай, күздей шаруаға бір мал қалдырмай, колхоз қораларына жинатып алды да, артынша көз көріп, құлақ естімеген мөлшерде ет салығын салды. Колхоз меншігінде қалатын малдарға жазда да, күзде де қысқы азықты – жем-шөпті дайындатпады. Колхоз қоймаларына жиналған астықтың 80 пайыздан астамын Ресейге жөнелтіп, халықтың да қысқы азығының базасын жасамады. Қыс басталғанда қойды қырқытып, тағы да құлақ есітіп, көз көрмеген нәрсені істеді. Иә, осының барлығы қазақты ашаршылыққа әкеп соқтырған әрекеттердің көрінісі, жоспарлы бағдарламасы-тұғын.

Осыдан кейін Голощекин ашаршылықтың болатынын білмей қалды» деуге бола ма?

1931-32 жылдардағы қатты қыста ауыл-ауылдарға аштан өліп жатқандар туралы естісе де міз бақпаған Голощекин, көктем туа бірі – Өзбекстанға, бірі – Қырғызстанға, енді бірі – Ресейге, бірі – Қытайға ауып, аштықтан босқындыққа түсіп жатқан қазақтар туралы мәлімет құлағына тигенде «Ештеңе емес, өмір бойы көшіп-қонуға үйреніп қалған халықтың бұл үдерісі қалыпты нәрсе ғой. Қайта, барған жерлерінде отырықшы елдің тәртібіне үйреніп, кеңес адамдары болып қалыптасады» деп миығынан күліпті. Қазақтардың үдерісі жайында есіткен Мәскеудегі ұлықтарға да ол осылай жауап берген. Ал ақиқатында елде не болып, не қойып жатқанының бәрін Голощекин де, Мәскеудегілер де біліп отырған...

Жалпы, Қазақстанда 1914 жылғы санақта 4 млн. 120 мың қазақ болған. 1933 жылдың аяғында Қазақстанда соның 2 млн.-ға жетер-жетпесі қалған. 1953 жылы, арада 33 жыл өткенде Қазақстанда қазақтардың саны 3 млн. 822 мыңға әрең жетті. Салыстырып айтар болсақ, 1926 жылы

өзбектердің саны қазақтарға қарағанда 21-ақ мың адамға артық болса, 1959 жылы бұл көрсеткіш 6 млн. 015 мың адамға жеткен. Яғни, 13 жыл ішінде өзбектер бізден 6 миллионға көбейіп кеткен.

1927 жылы бүкіл Қазақстанда мал саны 42 миллион болса, 1933 жылы 3 млн. 989 мыңға түскен. Демек, 6 жылдың ішінде 38 млн. бас мал құрыған. Осы есептерден-ақ коллективтендіру мен ашаршылықтың қазаққа тигізген зұлматының қандай болғандығын көре беріңіз.

1927 жылы Сырдария округінде (кейінгі ОҚ облысы) 692 мың 900 қазақ болса, 1933 жылы 415 мың, 601 қазақ қалған. 1926 жылы Сырдария округінде 6 млн. 680 000 бас мал болса, 1933 жылдың аяғында барлық төрт түліктің саны 800 мыңға түскен. Бес-алты жылдың ішінде мал мен жанның басы өсудің орнына қаншама есе кеміп кеткен деңіз. Біздің өңірдің басым бөлігі таулы аймақ болғандықтан, жеміс-жидегі бар, аула-нар аңы бар болса да, 200 мыңнан аса қазақтан айырылған. Ал енді қу жазық пен шөлейтті даланы мекендеген қазақтардың халдері нешік болғанын өзіңіз пайымдай беріңіз. Қу тамаққа сеп таппаған аш қазақтар нені талғажау етпеген деңіз. Шөп-шалам, өлексе жеп, қалғаны қалып, қалмағаны ісініп-кеуіп, айдалада қаңғып өлген ғой. Ит, мысықтар, сарышұнақтар адамдарға ұстатпай қойған.

1931-32 жылдары Қазығұрт етегі мен Келес жағасында Рысқұловтың бастамасымен Шымкент-Ташкент төте темір жолының құрылысы жүрген. Аяқталмай қалған сол құрылыста біздің өлкенің адамдары еңбек етіп, аштықтан аман қалған. Десек те, біздің есебіміз бойынша 2,5 миллион қазақты аштан қырған, 700 мыңға жуық қазақты басқа жаққа көшіп кетуге мәжбүр еткен сол бір зұлмат ашаршылықтың сойқаны мен зардабы біздің халқымыз үшін орны толмас қайғы мен қасіретке ұласқан. Бір өкініштісі – қазіргі егемен Қазақстанда сол ашаршылықтың құрбандарын еске алатын арнайы даталы күн жоқ.

